

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған
«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
7 сәуір 2016ж.

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»,
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета
7 апреля 2016г.

PROCEEDINGS
of the international scientific-practical conference
“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty
7 April, 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

Редакционная коллегия:

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер: Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы _ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. _ Proceedings of the international scientific-practical conference **“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 _ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 _ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ ФАКТОРЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ешенкулова Г.И., Гиззатжанова А.Г., Агыбетова Р.Е.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: gaua74@mail.ru, azhar_g78@mail.ru, agybetova@mail.ru

Туризмнің дамуы кеңістіктік және институционалды факторлардың өзара үйлесіміне негізделеді.

Кеңістіктік факторларға берілген территориялардың орналасу ортасына байланысты географиялық-экономикалық және элеументтік-мәдени құраушыларды: экономикалық-географиялық жағдайы, ландшафттың табиғи ортасы мен мәдени-тарихи ерекшеліктері, территориялық брендтің болуы, элеументтік орта, инфляция деңгейі, айырбас курстарының ауытқулары, инвестициялық жағдай, еңбек нарығы, инфрақұрылым объектілерін жатқызуға болады.

Кеңістіктік факторлар өз мәні бойынша туризм дамуының негізін құрайды, ал институттар оны дамытатын және тежейтін катализатор ретіндегі қалыптасу фазалары болып табылады.

Туризмнің дамуының әлемдік тенденциялары, туристік сала максималды түрде ішкі туризмнің артуына әсер ететін өзара жақын салалардың мультипликациялық эффектісінің қалыптасуына әсер ететінін көрсетеді. Осыған байланысты, туризм, көлік, байланыс, сауда, құрылыс, ауыл шаруашылығы, көпшілік қолданысқа арналған тауарлардың өндірісі сияқты экономиканың негізгі секторларының қызметіне әсер етуші фактор ретінде қарастырылады. Туристік кешеннің дамуы инвестициялық жағдайдың жақсаруына, кәсіпкерлік қызметтің белсенуіне, қоғамдық ортаның төзімділігінің артуына әсер етеді [1].

Жалпы институттар туралы сұрақтар Т.Веблен, Р.Коуз, Д.Норт, Д.Коммонсон, П.Лемещенко, Н.Мельникованың еңбектерінде қарастырылған. Қазіргі әдебиеттерде «Институт» түсінігі кең көлемде қарастырылады және екі аспектіні кірістіреді. Біріншіден, бұл- салттар мен дәстүрлер, қоғамда қабылданған іс –әрекет нормалары («жұмсақ» институт). Екіншіден, бұл - ұйымның бекітілген нормалары, ережелері, заңдары мен салттары («қатаң» институт). Берілген аспектілер туризмнің мүмкіндіктерін анықтайды және ресми («қатаң») және ресми емес («жұмсақ») институттардың күрделі үйлесуі мен олардың нормалары мен механизмдері ретінде қарастырылады [2].

Институционалды көзқарастың теориялық негіздерін саралай отырып, туризм туристік өнімді өндіру мен қолдануда қалыптасатын туризм саласының субъектілері мен объектілері арасындағы өзара байланыс деуге болады. Осы байланыстың ең негізгі институты ретінде мемлекетті алуға болады, мемлекет институционалды ортаны қалыптастырады. Туризм саласының институционалды құрылымы 1-ші суретте келтірілген.

Туристік қызметтің субъектілері мен объектілерінің өзара байланыс механизмі туризм саласын дамыту үшін нормативтік –құқықтық актілерді қабылдау мен қажетті жағдайларды құру болып табылады. Берілген механизмдер туризм саласын дамытатын институционалды факторлар ретінде қарастырылады. Институттардың даму принципі бойынша олар бір—бірлері үшін тіршілік етеді және бірін-бірі толықтырады, кез келген жүйелік түрлендірулерде экономикалық эффектке тек өзара байланысқан институционалды өзгерістер негізінде қол жеткізіледі.

Институционалды жүйе арнаулы институттық ортада қалыптасады және жүйе элементтерінің дұрыс таңдалуына кепілдеме бере алмайды, осыдан тиімді және тиімді емес институттардың табиғи пайда болуын күтуге болады және олар қалыптасқан ортаға бейімделеді.



Сурет 1. Туризм саласының институционалды құрылымы

Ескерту: [1] әдебиеті негізінде авторлармен құрастырылған


Туризм саласының институттарының құрылымын келесі 2 суретте ұсынуға болады.

Институционалды жүйе арнаулы институттық ортада қалыптасады және жүйе элементтерінің дұрыс таңдалуына кепілдеме бере алмайды, осыдан тиімді және тиімді емес институттардың табиғи пайда болуын күтуге болады және олар қалыптасқан ортаға бейімделеді

1. *Туристік көрсету объектілерінің институттарына* туристік мақсаттағы табиғи ресурстар мен ерекше қорғалатын табиғи территориялар, мәдени-тарихи ресурстар институттары кіреді. Бұл институттар өндірістік

тиімділікті арттыруға және туристік қызметке сәйкес ресурстарды тарту арқылы экономикалық мүмкіндіктердің өсуін қамтамасыз етеді.

Туристік әлеуетті тиімді пайдалану жеке аудандарда туризм түрлерін арттырады. Осы институттар тобында әлі де болсын олқылықтар жол алады, мысалы, Қазақстанда туристік мақсаттағы мәдени- тарихи институттардың нормалары жоқ, оларға келетін туристер туралы мәліметтер алу қиын, ерекше қорғалатын аудандарды мемлекет тарапынан сақтау, территорияларын кеңейту жұмыстары, келетін туристерге жағдай жасау сияқты мәселелер қолға алынбаған.



Сурет 2. Туризм институттарының құрылымы


Ескерту: [3] әдебиетінен алынды

2. *Туризмді дамыту институттарына* туризм саласындағы перспективті территориялар, инфрақұрылымдар мен жобалар институттарын, ішкі және әлемдік нарықта туристік өнімдерді жылжыту институттарын кірістіреді, олар өндірістік тиімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Осы институттардың Қазақстандағы даму жағдайы сондай жоғары деп айтуға келмейді. Туристік өнімдерді жылжыту институттары тек қана мақсатты бағдарламалар мен туризмді дамыту стратегияларының шеңберінде ғана қалып қоюда.

3. *Туризм саласын мемлекеттік реттеу институттарына* туристік миграция, статистикалық есептілік, мемлекеттік басқару институттары кірістіріледі.

Мемлекеттік реттеу институттарының негізгі мақсаты экономикалық басымдылықтарды бөлу функциясы болып табылады. Осы топта тек туристік миграция институты қалыптасқан деңгейде жұмыс істейді деуге болады, ал статистикалық есептілік мүлде дамымады, ал мемлекеттік реттеу институттары Қазақстанда тек құжаттық режимде жұмыс істейді десек болады, себебі әлі қабылданған бағдарламалардың нәтижесі көрінбейді [4].

Қазіргі кезде Қазақстанның ішкі туризмі экономиканың дамушы басым бағыттарының бірі болып табылады. Бірақта, осы институттардың дамуы әлі қолға алынбай отыр, ал көптеген зерттеулер мемлекеттік реттеу институттарының белсенді жұмысы, осы саланың дамуына тікелей әсер ететінін көрсетті. Ал осы институттардың дамуына әсер ететін факторларды келесі түрде беруге болады (сурет 3).



Сурет 3. Туризм саласының дамуына әсер ететін институционалды факторлары

Ескерту: [2] әдебиеті негізінде авторлармен құрастырылды

Қазақстанда осы туризмнің институционалды факторларға сай формаларын бөліп қарастыру жұмыстары жүргізілген десекте, бізде осы салаға қатысты «Туризм қызметі» туралы заң, Туризмді 2020 жылға дейін дамыту Тұжарамдамасы, «Ерекше қорғалатын аймақтар туралы» заң және т.б. заңнамалық құжаттар бар, туристердің қауіпсіздігі туралы заңдар туристік қызмет және туризм инфрақұрылымы институтының институционалды формалары болып табылады.

Ал өңірлік мақсатты бағдарламалар және мәдени-тарихи объектілерді сақтау мен қалпына келтіру, туристік мақсатта су объектілерін қолдану ережелері, туристік балық аулау және аң аулау шаруашылығының мәні туристік көрсету объектілерінің институттық формасына жатады.

Туристік-рекреациялық типтегі ерекше экономикалық аймақтардың ережелері, аймақтық туризмді дамыту бағдарламалары, өңірде туризмді ақпараттық қолдаудың нормативтік актілері туризмді дамыту институттарының формаларына жатса, туризм саласын мемлекеттік реттеу институттарының формасы барлық туризм саласының сүйенетін құжаттары, лицензиялау, қаржыландыру, дамыту, қадағалау, бағалау, мониторинг жүргізу сияқты жұмыстарда көрініс табады.

Кесте 2. Институционалды факторлардың экономикалық және экономикалық емес құраушыларға байланысты жіктелуі

Институционалды факторлар	
Түрлері	Құраушылары
Экономикалық	<ul style="list-style-type: none"> - инфрақұрылым; - туристік қызметті атқаратын ұйымдар үшін салықтық жеңілдіктер; - инвестициялар; - тарифтік реттеулер; - мемлекеттік қаржылық талдау; - банктік және сақтандыру салаларындағы реттеу
Экономикалық емес	<ul style="list-style-type: none"> - қаржы; - маркетинг; - туризмнің қауіпсіздігі; - ақпараттық сүйемелдеу; - статистикалық мәліметтер; - туризмдегі ассоциациялар, топтар, қауымдастықтар; - мемлекеттік реттеу
Ескерту: [1] әдебиеті негізінде авторлармен құрастырылды	

Қазақстанда туризмнің жүйелі дамуы үшін оның институтционалды даму формаларын нақтылап, атқаралатын іс-шаралар тізбесін осы институттар шеңберінде ретімен жүргізу керек деуге болады.

Әдебиеттер

1 Самохин Ю.А., Никифорова Л.Ю. Институциональные факторы развития туристско-рекреационного потенциала региона // Региональная экономика. - 2015. - № 11(2).

2 Полищук Е.А. Особенности институциональных факторов в развитии сферы туризма автономной Республики Крым // Региональная экономика. Экономика и управление. – 2011. - №5. – С. 59.

3 Ахобадзе Д.Т. Организационно-экономические механизмы реализации стратегических приоритетов развития туризма и рекреации на Северо-Западе России // Экономические и социальные перемены: факты, тенденции, прогноз.- 2009. - №6.

4 Харламова А.Ю. Институциональная среда как фактор реализации ресурсного потенциала туристского сектора региональной экономики: Автореф. дис...канд.экон.наук. - Челябинск, 2010. – 18с.